

Әсет Ламашев – Ыбырайтанушы Ғалым інекесе

Қазақ балаларын оқуға шақыруда алғашқы дала қонырауы болып соғылып, үстаздың ағартушылық қызметі орыстың оқымысты миссонерлері, өзінің достарының тікелей басшылығымен жүрді. Бұл кезең Ресейдің қазақ жерін жаулап алу саясаты жүріп жатқан, отарлау саясатының бастау алған уақыты болатын.

Патшалы Ресей саясаты үшін осы орайда, еліне барынша танымал Ыбырай сыйнды өз қазағынан шыққан білімдар жандар таптырмайтында тұлға еді. Ал, кеменгегер ағартушы - ұстаз қазақтың көзін ашу үшін орыстың білімдарларының көмегіне сүйенди. Орыс білімін дала қазақтарының өміріне бейімдеп, үлттық сипат берे отырып қана қазақ балаларына беруге ұсынды. Кезінде Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметін қазіргі егемен ел жағдайы деңгейлін санаудылар, оған «қазақты орыстандырушылардың бірі» деп қарайды. Бірақ, ұлы ағартушы - ұстаз бірден бір дұрыс жолды таңдады, оның қазақ тарихында алатын орны, өмірі мен қызметі және рухани мол мұрасы ғалымдардың зерттеу жұмысына арқа бола бермек.

Бұл жайға арнайы тоқтальып отырғанымыз - педагогика ғылымдарының кандидаты, Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық - педагогикалық музейін үйімдастырушылардың бірі, Құрмет ордені, ССРР және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері Әсет Исламғалиұлы Ламашев кезінде «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» деген кітап жазып қалдыраған болатын.

Әсет Ламашевтың бұл кітабында қазақтың ұлы педагогі Ы.Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметі жөнінде сөз болады. Кітапта Ыбырай Алтынсаринмен пікірлес болған, кезінде дұрыс ақыл - кеңес берген достары мен педагогикалық ой - жүйесін, ағарту саласындағы барша жұмысын насиҳаттаған, қолданған, таратқан орыс және басқа үлттардан шыққан ғалым - педагогтер және ағартушы қайраткерлер туралы дәректерге де кеңінен орын беріл-



ген. Аталмыш еңбекте аттары аталағы, сөз болатын Ыбырайдың орыс достары, орыстың мәндай алды ғалымдары еді.

Шығармада негізінен, үшбасты мәселе сөз болады. Бірінші, қазақ және орыс халықтарының достырындағы оқу - ағарту ісі, екінші, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметі, үшінші, Ыбырай еңбегі арқылы қазақ далаасында оқу - ағарту ісінің алғашқы қадамдары, оның дамып қалыптасуына байланысты деректер берілген.

Ыбырай Алтынсариннің орыс достары дегендеген шығыстанушы екі ірі ғалым В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминский оғта оралады.

В.В.Григорьев - генерал, Петербург университетінің профессоры, ғұлама ғалым. В.Григорьев Орынбор шекара комиссиясының председателі болып істеген жылдарды Ыбырайдың атасы Балғожа Жаңбыршымен таныс болып, аласқан. И.Ильминский болса, орыс халық тілдерінің білгір ма-маны, Қазан университетінің профессоры. Ыбырайдың орыс достары осылардай білімпаздар еді. Олардың негізінде миссионерлік, яғни, қазақ елін орыстандыру болатын. Кеңестік кезеңде бұл ойды ашып жазып, ашып айтуда мүмкіндік жоқ еді.

Әсет аға Ламашев «Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары» зерттеу еңбегін жаза отырып, өз мақсатынан шықты.

Ұлы ағартушы - ұстаздың өмірі мен ағартушылық қызметін кеңінен насиҳаттай білді. Шығармада уш басты мәселе сөз болады: халық және орыс халықтарының рухани қатына-

стары, оқу - ағарту ісі және ұлы үстаздың педагогикалық қызметі.

Әсет Ламашевтың бұл еңбекі Ыбырай Алтынсариннің зияялар арасында зор беделге ие болғанын және оның аса дарынды тулағ болғанын көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ далаасында оқу - ағарту ісін қалыптастыруды. Соған орай, Ыбырай өмірі мен ағартушылық қызметін зерделеуде бұл еңбек әлі де өз мәнін жойған жоқ, мол мағлұматтарға толы зерттеу қорытындысы болып әлі де қала бермек.

Әсет Ламашев өзінің ізденіске толы өмірінде ұлы үстаз ағартушының белсенді насиҳаттаушысы болды. Ыбырай мұрасы ғылыми зерттеу жұмыстарын атқарып, көптеген еңбектер жазумен қатар, өз атындағы институтқа Ыбырай Алтынсарин мұражайын үйімдастыруға мұрындық болды.

Институттағы ғылыми педагогикалық мұражай Ыбырай еңбектерін таныстырумен қатар, Ыбырай Алтынсарин атындағы рухани орталығына айналды. Бүтінде білім алушы студенттер мен көптеген қоңактар қызықтайды. Арқалықтың тарихи орындарының біріне саналады.

Әсет аға Ламашев өмірде ізденісті жан еді. Сол ізденіс жұмыстарының деңі - Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін, өмірін зерттеп, насиҳаттауга арналды.

Ыбырайтанушы ғалым Әсет Исламғалиұлы Ламашевтың тың ізденістерінен өміршөн, өшпес мол мұра қалды.

Ардақ АБДУЛЛИНА,
АРҚАЙ аға оқытушысы,
магистр.